



ЗАҢ КЕҢЕСТЕРІ

N&P Назханов
және Серіктестері

СҰРАҚ №41:

Досым абайсызда менің фотоаппаратымды сындырды. Оқиға менің көз алдымда болды, сонымен қатар оқиғаны растайтын басқа да куәгерлер бар. Кейін мен одан шығынды өтеуді талап еттім, бірақ ол ақшаның жоқтығын айтып, бас тартты. Оқиғадан бері үш ай өтті...

1) Одан бүлінген мүліктің құнын қайтаруды қалай талап ете аламын? Куәгерлердің айғақтары мен бүлінген мүліктің құжаттары (және мүліктің өзі) жеткілікті ме? Бұл әрекет қалай бағаланады?


2) Егер сот талапкерге материалдық шығынды өтеу туралы шешім қабылдаса, ол қанша уақыт ішінде орындалуы керек?

3) Егер де кінәлі шығынды өтеуден бас тартса, қандай шаралар қабылданады?



ЖАУАП:


Шығынды өтеуді талап ету үшін куәгерлердің айғақтарын және бүлінген мүліктің құжаттарын қосып, сотқа жүгініңіз. Бұл әрекет мүлікке зиян келтіру ретінде қарастырылады. ҚР Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес, зиян келтірген тұлға өз кінәсін дәлелдемесе, зиян толығымен өтелуге тиіс. ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің 241-бабына сәйкес, сот шешімін орындау шешімнің күшіне енгеннен кейін басталады. Сот орындаушысы үш жұмыс күні ішінде атқарушылық құжатты береді, одан кейін үш күн ішінде өндіріс қозғайды. Атқарушылық құжаттар бойынша орындау мерзімі – екі ай. Егер кінәлі адам орындаудан қасақана бас тартса, ол әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін, алайда бұл оның шығынды өтеу міндетінен босатпайды.





СҰРАҚ №42:

Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесі кезінде сатушыдан сатып алушыға шағымдардың жоқтығы туралы қолхат алу міндетті ме?



ЖАУАП:

Қолданыстағы заңнамада Сату-сатып алу шарты жасалған кезде сатушыдан міндетті түрде қолхат алу қажет екендігі қарастырылмаған. Нотариалды расталған сатып алу-сату келісім-шарты қажетті шарттарды қамтуы керек, атап айтқанда шартта сатушының ақшаны алғандығы туралы мәліметтер шартқа қол қоюға дейін немесе нотариус қатысуымен көрсетілуі мүмкін. Сондай-ақ, өзіңізді қорғау үшін Сату-сатып алу шартына сатушының ешқандай талаптары жоқтығын көрсететін тармақты енгізе аласыз. Егер бұл қолхат сізге қажеттілік тудырады деп санасаңыз және ол сізді қандай да бір жолмен қорғауға көмектессе, онда оны алуға болады.

СҰРАҚ №43:

Қарыз шартында, кешіктірілген жағдайда айыппұл мөлшері көрсетілген жағдайда, сот оны бұйрықтық тәртіпте ме әлде талаптық тәртіпте қарау керек пе? Негізгі қарыз сомасы және кешіктірудің әр күніне 0,5% айыппұл мөлшерінен есептелген айыппұл мөлшері белгілі, мысалы, 60 күнге $0,5\% \times 60$ күн = қарыз сомасына 30%.



СҰРАҚ №44:

Қазақстан кәсіпкерлер одағы жанындағы Төрелік сот бар ма және оның орналасқан жері қайда?



ЖАУАП:

Иә, бар. Қазақстан Арбитраждық палатасының сайтының деректеріне сәйкес, Қазақстан кәсіпкерлер одағы жанындағы Арбитраж (бұрынғы атауы Қазақстан кәсіпкерлер одағы жанындағы Төрелік сот) Арбитраждар мен арбитрлардың тұрақты жұмыс істейтін тізіліміне енгізілген. Мекенжайы: Қазақстан, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 6/1 үй, «Каскад» БО, 21-кеңсе
Телефон: 8 (7172) 925222, 925333 Электронды пошта: union.main@gmail.com; сайт www.leaubk.com Төрағасы – Джантемиров Талғат Вячеславұлы.

СҰРАҚ №45:

Маған «Кіші кәсіпкерлік субъектісі» ретінде ЖШС тіркелгенде Типтік жарғы негізінде тіркеуді ұсынды. Енді маған оның (Типтік жарғы) Үкімет тарапынан жеткіліксіз реттелгенін айтты. Бұл рас па? Осы құжатсыз қызметті жүзеге асыруға құқығым бар ма? Типтік жарғының қандай артықшылықтары бар?

ЖАУАП:

Шектеулі серіктестік үшін Типтік жарғы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 106 «Кіші, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың типтік жарғыларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген және шектеулі серіктестіктің қызметінің негізгі қағидаттарын қамтиды. Шектеулі серіктестіктің жарғысы заңды тұлға ретінде серіктестіктің құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады. Жарғысыз сіз қызметті жүзеге асыра алмайсыз, себебі ЖШС-ті тіркеу үшін жарғы қажетті құжат болып табылады. Типтік жарғының артықшылықтары келесіде:

1. Бұл сіздің шығындарыңызды (нотариалды куәландыру, заңгерлік қызметтерге төлем) айтарлықтай үнемдейді.
2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тарту себебі, құрылтай құжаттарының заңға сәйкессіздігі болып табылады. Сіз қызметіңізді Типтік жарғы негізінде жүзеге асыратыныңызды көрсетсеңіз, бұл тіркеуден бас тартуды болдырмайды және уақыт үнемдейді.